

**ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА:
ИСТОРИЯ, СОВРЕМЕННОСТЬ,
ПЕРСПЕКТИВЫ**



Уфа 2017

**РӘСӘЙ ФЕДЕРАЦИЯҢЫНЫҢ МӘҒАРИФ ҺӘМ ФӘН
МИНИСТРЛЫҒЫ**

**БАШКОРТ ДӘҮЛӘТ УНИВЕРСИТЕТЫ
Шәркиәт һәм башкорт тел ғилеме кафедрасы**

**ФИЛОЛОГИЯ ФӘНЕ:
ТАРИХЫ, ХӘЗЕРГЕҢЕ, КИЛӘСӘГЕ**

**Билдәле башкорт телсәһе Ишбаев Кәрим Ғайса улының
тыуыуына 80 йыл тулыуға арналған
Халык-ара фәнни-ғәмәли конференция материалдары**

**Башкортостан Республикаһы, Өфө калаһы
27 ноябрь 2017 йыл**

Өфө 2017

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РОССИЙСКОЙ
ФЕДЕРАЦИИ**

ФГБОУ ВО «БАШКИРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ»

Кафедра востоковедения и башкирского языкознания

**ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА: ИСТОРИЯ,
СОВРЕМЕННОСТЬ, ПЕРСПЕКТИВЫ**

**Материалы Международной научно-практической
конференции, посвященной 80-летию со дня рождения
известного башкирского языковеда
Карима Гайсеевича Ишбаева**

**Республика Башкортостан, г. Уфа
27 ноября 2017 года**

Уфа 2017

ФОЛЬКЛОР ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

УДК 821.512.1.0.

ФУНКЦИЯ КОНЯ ЭПИЧЕСКОГО ГЕРОЯ

Даутова Гульназ Рахимовна

*PhD докторант, КазНУ им. аль-Фараби и
Институт Литературы и искусство им. М.О. Ауэзова
г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail.ru: d.gulnazik@mail.ru*

FUNCTION HORSE OF EPIC HERO

Gulnaz Dautova Rahimovna

*PhD students, al-Farabi KazNU and
M. O. Auezov Institute of Literature and art*

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются функции коня эпического героя в эпосах тюркского народа. Цель выявить образ коня по его функциям. Конь выступает как спаситель, друг и помощник героя, благодаря которому он одерживает победу над врагом. Приходим к выводу, что универсальное в образе коня связаны с синкретической природой.

ABSTRACT

The article deals with the functions of the horse of the epic hero in the epics of the Turkic people. The goal is to reveal the image of a horse by its functions. The horse acts as a savior, friend and assistant to the hero, through which he defeats the enemy. We come to the conclusion that the universal in the image of a horse is related to the syncretic nature.

Ключевые слова: эпос, эпический герой, функция коня, боевой конь, помощник героя.
Keywords: epose, epic hero, the function of the horse, a fighting horse, the hero's helper.

ЭПИКАЛЫҚ ҚАҢАРМАН ТҮЛПАРЫНЫҢ ФУНКЦИЯСЫ

Түркі халықтары үшін ат, тұлпар жаратылысы бөлек жануар екені ешқандай ғылыми дәлелдеуді қажет етпейтін дүние. Сайқын даланың ақ төсін арда еміп, арқада төрт түлігін өрбіткен аузы дуалы ата-бабаларымыздың «Ер қанаты – ат», «Жақсы ат - жанға серік», «Қара арғымақтан жал кетсе, қарға адым жер мұң болар» деген секілді екі нақылының бірі жылқы түлігі туралы келетіндігі көзі қарақты кісіге көп дүние айтары сөзсіз. Осының мән-маңызын алдымен ата-тарих – көне жырлардан, батырлық эпостардан білеріміз айқын.

Ат үстінің желі барын ата-бабаларымыз өзге жұрттардан көп бұрын білді. Арқадан аттанған ғұн көсемі Атилланың жүз мыңдаған қалың қолының әр сарбазы астындағы тарпаң торысынан бөлек жетегіне екі-үш аттан ертіп жүргенде, бүгінгі ұлы Европаны уысында ұстаған Рим империясының әскері қара жаяу еді. Немесе «Ежелгі скифтердің атты әскерлері жойқын күш болғаны көптеген тарихи деректерде көрсетілген» [1, б.116]. Тұлпар баптау, атбегілік – түркі жұрағатының ең көне ұлттық өнері екенін бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр.

Ағылшындық зерттеуші Кимберли Броун «Horse» журналына жариялаған еңбегінде жылқы түлігі дамыған мемлекеттер ойлағаннан көп бұрын Азияда алғаш қолға үйретілгенін меңзеген. Осы секілді еуропалық «National Geographic News» атты ғылыми басылым ең алғаш жылқыны қолға үйретуші қазақ халқы деп байлам жасайды [2].

Түркі жұрағатының сан ғасырлық бай тарихының көркемдік үлгілері ретінде танылған қадым заманғы әдеби жәдігерлердің қай-қайсысын алсаңыз да, қорғаушы-батыр негізгі кейіпкер болып, оның тұлпары қосалқы әрі маңызды рөлді арқалайды. Бұл жазушының қиялдағы сюжетін дамыту барысында ғайыптан әкеп таңған жалған кейіпкеріндей емес. Батыр болған соң оның тұлпары да болуы керек деген міндеттен туған болса, эпостардың көркемдік мұнарасы дәл мұнша эстетикалық биіктерді бағындыра қоймас еді. Жалпы батырлық эпостардың туу негізінде бір тарихи кейіпкердің немесе шынайы оқиғаның жатқандығын ескергенде, олар мінген сымбатты сәйгүліктер де жер басқан жанды жануарлар болғаны айқын. Батыр өмір сүрген дәуірде оның аңызға айналған тұлпарлары да шынымен бар болды. Бірінің ықпалы бірін әйгілеп, керемет классикалық жырлардың тууына арқау болды.

Ал, енді, оларға адам айтса нанғысыз күштердің таңылуы, тіл бітіп, кісіше сөзге келуі екінші тақырыптағы әңгіме. Десек те, мұнда бір әсем нәзіктік жатыр. Түркі эпостарындағы тұлпарлардың иесінің айнымас серігіндей, сырмінез сырласындай образға ие болуы және осы арқылы олардың шығармадағы рөлінің салмақты болуы, көшпелі халықтың шынайы өмірдегі жылқы түлігіне деген сол қырық мың жолдық дастандардағы көркемдік шындықтан бір мысқал кем емес көл-көсір қарым-қатынасынан туған дүние. Яғни, жаны бар, бірақ жаны жоқ мақұлық емес, жануарлардан жалғыз жолдас тұтқан, оны арман-қиялмен әрлеген батырдың жан-жолдасы деген қарым-қатынастың көркемдік картинасы деп танысақ болады.

Бұл туралы академик Қ.Жұмалиев, С.Қасқабасовтар: «Қазақ эпостарында батырлардың жорыққа мінетін аттарына да үлкен мән беріледі. Олардың сұлулығы, қуса жетіп, қашса озатын жүйріктігі, иесіне адалдығы айрықша суреттеледі. Кейде аттарға ерекше қасиеттер таңылып, әр нәрсені түсіне алатын есті хайуанат етіліп көрсетілсе, кейде қысылшаң жерде ұша алатын қанаттылар қатарында дәріптеледі. Эпостарда атқа үлкен көңіл бөлінуі заңды. Өйткені, көшпелі елдерде жылқы тәрізді көлік малының рөлі ерекше болғаны белгілі...», – деп жазады [3, б.17].

Түркі халықтарына ортақ қаһармандық эпостардағы аттың атқаратын функциясын, негізгі қызметін ғалым Р. Бердібаев былай деп екшеп, жеті жікке бөліп көрсетеді:

- 1) *Ұшқан құстан озатын ересен жүйріктігі;*
 - 2) *Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын естілігі;*
 - 3) *Қысылтаяң тұстарда «тіл бітіп» сөйлеп, батырға ақыл, кеңес беретіндігі;*
 - 4) *Алыс жолға алқынбай жететін қайратты, төзімділігі;*
 - 5) *Сын сағаттарда түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері болатындығы;*
 - 6) *Жау келе жатқанын күн ілгері сезіп, иесіне қауіпті білдіретіндігі;*
 - 7) *Батыр мерт болса, денесін далада қалдырмай, еліне алып келетін опалығы; т.б.*
- [4, б.118]. Әлбетте, біз де осы пайымдаулармен келісеміз.

Ал, Көшекова А. «Қазақ эпосындағы ат образы» атты диссертациясында «Эпостағы аттың атқаратын функциялары» дейтұғын тақырыпша бөліп, аттың қызметін 5 түрлі критерий бойынша саралайды. Олардың Р. Бердібаевпен ұқсас тұстарын келтіріп жатпай, ерекшеленген бөліктерімен таныс етуді жөн көрдік:

– ат қаһарманмен бірге немесе қаһарманның қатысуынсыз - ақ жауды қырып, жеңіп шығады;

– ол құсқа не балыққа т.б. айналып кетуі, я болмаса оқиғаға қажетті басқа бір адамның не жануардың кейпіне енуі, аспанға ұшуы не жердің астына түсіп кетуі, басқа да фабуланың өркендеуіне керекті әрекеттерді атқаруы мүмкін;

Айта кету керек, Көшекова Айнұрдың аталмыш диссертациясы эпостағы ат бейнесін таныған ең көлемді, тұңғыш, толыққанды зерттеу болып табылады. Осыған сәйкес эпостағы ат атқаратын функция туралы ойлары алымды, жан-жақты танылған, деректі тұжырымдар екеніне сөз жоқ.

Түркі эпостарында, батырдың өзіне лайық тұлпарын таңдауы, кезіктіруі ерекше назар аударарлық. Алғашында ер жеткен жауынгердің өзіне лайықты тұлпарын табуы оңайға түспейді. Бұл бірде, көреген жарының көмегімен орындалса, бірде өзінің атты аяқ алысынан, сұңғыла бойлы, сұлу бітімінен танитын атбегі-сыншылығы арқылы жүзеге асады. Мәселен, «Едіге батыр» жырында Ер Едіге Жылқыбайдың көп үйірінің ішінен жарауын таппай, бір кедейдің жаман шұбарын сұратады. Әлгі шұбар атты Жылқыбай қос атқа айырбас қылып әкеледі. Сол жаман шұбарды Едіге батыр сүліктей сұлу етіп, қанды жорықтарға мініс аты, жолсерігі етіп жаратып шығарады. Ал, «Қобыланды батыр» жырында бұл процесс батырдың сүйгені Құртқаның қатысуымен өтеді. Буаз биенің қарнын жарып алған құлынды Құртқа өзі баптайды. Тайбурылдың бабы сай келмей тұрғанда, Қараманның қитұрқы қылығынан Қобыландының ішін алау ұрғанда да, Құртқа аттың қамы үшін араша түседі.

Тұлпарды қорғаушы-батырмен қандас, сүттес бауыр ретінде суреттеу де эпос сюжеттеріне жат емес. Мәселен, бірнеше вариантты, әртүрлі оқиғалы «Көрұғлы» эпосында батыр тұлпары Ғиратпен сүттес келетін тұстары бар. Эпостың көп варианттылығы мен ғасырлар бойғы уақыттың қатталған көң-тозаңы сюжеттің бірізділігі мен тарихилығын тануға көп кедергі жасап келеді. Эпостың оқиғалар желісінде қарама-қайшылықтар кездеседі. Десекте, жетім бала мен құлынды бір биенің емізетін тұстары көп варианттарда орын алған. Бұл, әрине, «Көрұғлы» жырының таралуы мен варианттылығына байланысты. Көрұғлы мен Ғираттың сүттес бауыр болуы жырдың Өзербайжан халқы жырлаған нұсқаларында кездесетінін айта кету керек.

Қандай болған жағдайда да батыр мен тұлпардың жолығуы, батырдың өзінің нағыз тұлпарына қол жеткізуі ерекше жағдайда орындалады. Бұған бір мысал Алпамыстың Байшұбарды бағындыруы. Қыл құйрықтан қысып тоқтатуы немесе лақтыруы секілді ат пен адам арасындағы айқас біріне-бірінің күшін танытады. Осыдан соң Байшұбар ат жүгенге басын береді деп келеді жыр жолдарында.

Атбегілік, құсбегілік, сыншылық өнер көшпелі халықтың қанына сіңген қасиет. Бұл қасиет көп дәуірлердің есебінде, батыр халықтың ерекше қадірлеп, асқан байыппен баулыған, қолбаласындай құсын, түлігін тануы. Ол – жүздеген ғасырлардың бел-белестерін аттап келген, халықтың салт-санасымен біте қайнасып, әр ұрпақпен қатар қайта жаңғырып, тек табанды тәжірибемен ұшталып отырған аяулы ғылым. Осы ғылымның рухани дүниемізге де сіңіп болғанына мыңжылдықтар болды. Оның алғашқы үлгілері тағы да эпостарда жатыр. Батыр болашақ серігі – ақ тұлпарын алдымен сын көзден өткізіп, оның қанатты пырақ екеніне шынымен иланған соң барып алады. Көбіне сыншылық сұрмергендік батырдың жарының бойынан табылып жатады. Кей жағдайда тұлпардың өзін емес, сол тұлпарға буаз биені танып білу дағдысы бар. Бұл туралы: «Қаһарман өзіне тиесілі жалғыз тұлпарды табуға, баптауға тиіс, оған ерекше қасиетке ие тұлғалар, көп жағдайда әйелдер көмектеседі», [8, б.68]– дейді, орыстың фольклорист-жиһангері Путилов Борис Николаевич.

Бірінші жағдайға, яғни, батырдың өзі тұлпарын тануы «Көрұғлы», «Қисса-и Алпамыс» эпостарында кездеседі. «Ғират жайы, Көрұғлының Райхан арабпен соғысы» деп оқиғасына байланысты аталған, қазақтар арасында кең таралған Көрұғлы жырында Көрұғлы Райхан араб мінген көк қасқа айғырды сымбатынан танып, ғашық болады. Оны өзі мінген жүйрік боз биеге бір шаптыр деп жалынышты болады. Жырда бұл былайша көрініс алған:

Аты бар көк қасқалы біреу келді,
Көрұғлы назар салып қарайды енді
Наз бедеу қарап тұрса бір тікуар

Сол атқа ашық болып көңіл бөлді [6, б.89]

Осы жәйтке байланысты оқиға дами түседі, Райхан мен Көрұғлы жауласады. Райхан аңғал батырдың атына ғашық болғанын, одан тұқым алмақшы болған ниетін пайдаланып, Баршагүл есімді жеңгесін алып қашады. Яғни, батырдың жеңгесін ұрлатып алуға атқа деген шексіз қызығушылығы себеп болады. Ал, осыны пайдаға асырған Райханның ұрлығы тұтас жырдың композициясына шоқ әкелді. Оқиғаның дамуы осы тұстан басталады да, Көрұғлының кеудесіне қатқан кек эпостың лейтмотиві іспетті, оқиғаның үнемі дамып отыруына сеп жасайды.

«Көрұғлы» жырының бір ғана қазақтардың арасында таралған нұсқалары жиырмаға жуықтайды. Осыған байланысты батырдың тұлпары Ғираттың жаралуының екі үлкен версиясы бар екенін айта кету артық етпес. Өзербаяндар жырлаған нұсқаларда Ғират теңіз тұлпарының тұқымы болса, қазақтар жырлаған нұсқалардан арабтың ахалтекесінен алып қалған тұқым екенін білеміз. Көрұғлыны зерттеуші ғалым Б.А. Каррыев жырдың барлық нұсқаларына сілтей отырып Ғират тұлпардың шығу тегі Түркістанмен, туу тарихы Арал теңізімен, Әмудариямен терең байланыста деп байлам жасайды. Өйткені, ойлап қарасақ, Көрұғлының көп нұсқасында (Өзербаяндар жырлаған) Ғират теңіз жылқысынан жаралған. «Теңіз жылқысы» деген ұғым қазақ санасында бар мифтік жаратылыс. Оған қатысты аңыз-әфсаналар да жоқ емес. Оған бір мысал халық арасында кең таралған «Сәйгүлік тұлпар қайдан пайда болады» мифтік әңгімесі. Оны қадым заманғы халық «Суын» деп атағаны белгілі. «Ол өте әдемі, үстінен тоқтамай су тамшылап тұратын» ат [9, б.78]. Салыстыра қарағанда «Қобыланды» жырының бір нұсқасында да осы теңіз жылқысы аталатын Суын теңізден шығып, Қыдырбайдың үйір-үйір жылқысын аралайтыны бар. Осыған байланысты бірнеше тұжырым жасасақ болады: Бірінші, Түрікменнің теке руынан шыққан Көрұғлыға арналған жырдың туу мекеніне қатысты дау айтуға болады. Бұны Бабалар сөзінің 48 томына кіріспе есебінде Б.У. Әзібаеваның М. Ниджати Сабатчиоғлудың еңбегіне сілтеме жасай отырып: «Жалпы, «Көрұғлы» эпосының түп негізі Алтай, Орта Азияда жатқандығын бүгінгі таңда ғалымдардың көбі мойындайды» [6, б.23], – деп жазған пікірі салмақтай түседі. Екінші, Батырдың тұлпары Ғираттың жаралған аймағы және осыған қатысты жырдың тууы Оңт.-Батыс Қазақстан жері Арал, Әмудария аймағы деп топшылауға болады. Себебі жырда теңіздің аталуы, қазақ мифіндегі және де өзге қазақ дастандарындағы теңіз жылқысының жырдағы көрінісі, тұлпардың тууына қатысты өзге ғалымдардың (Б.У. Каррыев, Б.У. Әзібаева) пікірлері осыған саяды.

Қалай болғанда да жалғыз «Көрұғлы» жырында ғана емес, жалпы түркілік, тіпті, әлемдік эпостардың барлығында дерлік «таңдаулы» тұлпар батырға жіберілген көктің, тағдырдың, желеп-жебеушілердің сыйы, тартуы екендігіне зор сенім қалыптасқан.

Осы секілді Қисса-и Алпамыста Алпамыс көп жылқы ішінен адамдай ақылы бар, сонысымен жасырынып жүрген тай шұбарды құйрық жалдан ұстап лақтырып бағындырады. Сөйтіп жүген салса құнан боп, ерін салса дөнен боп, батырдың өзі секілді бір демде күш алу, қанаттану секілді ғажайып оқиға орын алады.

Ал, екінші жағдайда, батырға лайық жылқыны жары тануы, таңдауы «Қобыланды» жырында әсем суреттеледі. 1914 жылы Қазан қаласында тұңғыш басылған «Қобыланды» жырының Б.Толымбаев нұсқасына назар аударып, Құртқаның осы бір сыншылдығын көрсете кеткеніміз абзал: «Бұлар көшіп келіп бір жерге қонды. Қонған жерлері көп жылқының іші еді. Сол жылқының ішінен қыз Құртқаның көзі бір биеге түсіп: –Әй, батыр, мына биені мені берсеңіз де алыңыз, – дейді. Қобыланды: –Сені берсем бір рулы елдің малын алмаймын ба? – дейді. Құртқа: – Мұның ішінде тұлпардан пайда болған бурыл құлын бар, – дейді, – аман-есен құлындаса, сол құлынды саған атқылып берермін, – дейді, – астыңыздағы торы ат жауға, дауға мінуге жарамайды, жабының баласы» [7, б.11],– деп асқан көрегендік танытады. Бұл жерде батырға лайық тұлпардың маңызын ашу, қызметін көрсету ерекше танылған. Неге десеніз, батырға тұрарлық аттың тұқымын танып тұрған адал жар оған өзін айырбастаса да қол жеткізбек ниетте екені таң

қалдырады. Адал жардың батырға өзінен гөрі жылқының пайдасын артық деп табуы эпостардағы тұлпар бейнесін, оның қызметін жаңа белеске шығарады.

Қорыта айтқанда, «Қай жырды алсақ та, атсыз жыр жоқ екеніне көз жеткіземіз. Жүйрік ат туралы шығармалар әдебиетімізде өте көп. Соның ішінде ең кесек тұлғасы батырлар жырында жасалғанын байқаймыз.» [3, б.101], – дейтұғын пікірді алға тарта отырып, ат образының асқан үлгілері қаһармандық эпостарда топтастырылғанын нақтылай түсеміз. Манастың Аққасқасы, Қамбардың Қарақасқасы, Ер Тарғының Тарланы, Ер Төстіктің Шалқұйрығы, Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Көкшенің Сары аты секілді қай жырды алмасақ та онда тұлпар бейнесі, тіпті, бір жырда бірнеше тұлпарлар бейнесі бар екенін көреміз. (Мысалға, «Қобыланды» жырындағы Бурыл, тобылғы менді торы ат, Көбікті мінген Тарлан ат, Қараман мінген Қара-кұла жалсыз аттардың жеке-жеке образдары сомдалған.)

Эпостардың сан мың жылдық тарихын есептегенде, тарихи оқиғалардың көші лек-легімен алмасып, қоғамдық сана мен мүдденің өзгеруі эпостардың тарихилығы мен тұтастығына елеулі өзгерістер әкеліп, жаңа эпизодтық желілер мен жаңа мазмұн қосып отырғаны рас. Десек те, генезис мәселесінде эпостардағы «ат» образының эпостың өзімен қатар туған, әу бастан, түп қайнардан туып жасап келе жатқан образ екені назардан тыс қалмауы керек. Қорғаушы-батыр бейнесін ашуда, шығарманың көркемдік келбетінде, сюжеттік мінсіздігінде олардың қызметі мен рөлі, әсері орасан зор екені анық. Оған күні бүгінге дейін жазылған зерттеулер мен жалпы эпостардың қарапайым мәтіндері куәлік ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Көшекова А. Қазақ эпосындағы тұлпар бейнесі // Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері. I том, 2003.
2. Қайратұлы Б. Қазақтың атбегілік өнері. – Алматы, 2014.
3. Бабалар сөзі, 33 том. – Астана: «Фоллиант», 2006.
4. Бердібаев Р. Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер). – Алматы, «Ғылым» баспасы, 1982.
5. Липец Р.С. Образы батыра и его коня (в тюрко - монгольском эпосе). – М.: «Наука», 1984.
6. Бабалар сөзі, 48 том. – Астана: «Фоллиант», 2008.
7. Бабалар сөзі, 36 том. – Астана: «Фоллиант», 2006.
8. Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Л., 1988.
9. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы, 2002.

ЙӨКМӘТКЕҢЕ

- Абдуллина Г.Р.* ТЕЛСЕ-ҒАЛИМ К.Ғ. ИШБАЕВ ХАКЫНДА ХӘТИРӘЛӘР.....5
Карабаев М.И. ҮЗ ҺӨНӨРЕН ДАНЛАҒАН УКЫТЫУСЫ.....7

ВКЛАД ПРОФЕССОРА К.Г. ИШБАЕВА В РАЗВИТИЕ БАШКИРСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ

- Бирзеголова З.Б.* НИГЕЗЗӘР КАБАТЛАНЫУ ЮЛЫ МЕНӘН ҺҮЗЬЯҠАЛЫШ ҺӘМ
УНЫҢ «БАШКОРТ ТЕЛЕНЕҢ ҺҮЗЬЯҠАЛЫШ ҺҮЗЛЕГЕ»НДӘ БИРЕЛЕШЕ.....10
Ишкильдина З.К. ВКЛАД ПРОФЕССОРА К.Г. ИШБАЕВА В РАЗВИТИЕ
БАШКИРСКОЙ ЛЕКСИКОГРАФИИ.....13
Карабаев М.И. «РУССКО-БАШКИРСКИЙ И БАШКИРСКО-РУССКИЙ СЛОВАРЬ
МОРФЕМНО-СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕРМИНОВ» К.Г. ИШБАЕВА И
З.К. ИШКИЛЬДИНОЙ.....17
Карабаева А.Р. НИГЕЗЗӘР ПАРЛАШЫУ ЮЛЫ МЕНӘН ҺҮЗЬЯҠАЛЫШ ҺӘМ
УНЫҢ “БАШКОРТ ТЕЛЕНЕҢ ҺҮЗЬЯҠАЛЫШ ҺҮЗЛЕГЕ”НДӘ
БИРЕЛЕШЕ.....20

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЛЕКСИКОЛОГИИ, ФОНЕТИКИ, ГРАММАТИКИ, СТИЛИСТИКИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ

- Аширова Г.А.* СТРУКТУРНАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ ПРОЗВИЩ В БАШКИРСКОМ
ЯЗЫКЕ.....23
Бахтиярова А.Н. ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ СЛОВООБРАЗОВАНИЯ В АРАБСКОМ
ЯЗЫКЕ.....26
Ғаниева Ғ.Ғ. БЫРЫМБУР ӨЛКӘҢЕ БАШКОРТТАРЫНЫҢ ҺӨЙЛӘШ
ҮЗЕНСӘЛЕКТӘРЕ (ҠАРЫКТАШ РАЙОНЫ БИКТИМЕР АУЫЛЫ
МИҠАЛЫНДА).....29
Зөбәйерова К.Х., Абдуллина Г.Р. БАШКОРТ ТЕЛЕНДӘ БАКСАСЫЛЫҢ ӨЛКӘҢЕНӘ
КАРАҒАН ҺҮЗЗӘР.....32
Камаева Р.Б. ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ МОРФОЛОГИЧЕСКИХ ДИАЛЕКТИЗМОВ В
РОМАНЕ Ф. САФИНА «САТАШЫП АТКАН ТАҢ» («ЗАБЛУДИВШИЙСЯ
РАССВЕТ»).....36
Каримов С.Ғ., Хабибов Л.Ғ. ОРОНИМИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ГОРОДА УФЫ.....39
Ласынова Н.А. БЫРЫМБУР ӨЛКӘҢЕ ОРОНИМДАРЫНЫҢ ЛЕКСИК-СЕМАНТИК
ҮЗЕНСӘЛЕКТӘРЕ.....44
Мукумова Н.А. ИССЛЕДОВАНИЕ КОРНЕВОЙ МОРФЕМЫ СЛОВА КАК ОДИН ИЗ
МЕТОДОВ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ФИННО-УГОРСКИХ ЗАИМСТВОВАНИЙ В
БАШКИРСКОМ ЯЗЫКЕ.....47
Муллағәрәева Г.Р., Абдуллина Г.Р. БАШКОРТ ТЕЛЕНДӘ РЕКЛАМА ТЕКСТАРЫНЫҢ
ҮЗЕНСӘЛЕКТӘРЕ.....51
Николаев Е.Р. О «БАТЫР», «БААТЫР» И «БООТУР» В БАШКИРСКОМ И
ЯКУТСКОМ АНТРОПОНИМИКОНАХ.....55
Солтанбаева Х.В., Ильясова Л.Н. ЖӘЛИЛ КЕЙЕКБАЕВТЫҢ “ТУҒАНДАР ҺӘМ
ТАНЫШТАР” РОМАНЫНЫҢ СТИЛЬ ҮЗЕНСӘЛЕКТӘРЕ.....59
Солтанбаева Х.В., Кәримова И.Н. БАШКОРТ ТЕЛЕНДӘ ИСЕМДӘРЗЕҢ СУБЪЕКТИВ
БАҠА БЕЛДЕРЕҰ САРАЛАРЫ.....63
Сорова И.Н. ФОНОСТИЛЕМЫ ОФИЦИАЛЬНО-БЫТОВОЙ РЕЧИ (НА МАТЕРИАЛЕ
ЯКУТСКОЙ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ).....67

<i>Тектигул Ж.О.</i> ФУНКЦИОНАЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА НЕКОТОРЫХ ГРАММАТИЧЕСКИХ ФОРМ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	71
<i>Хәснәтдинова Р.Я.</i> ИНКАР ИТЕҮЗЕ БЕЛДЕРЕҮЗӘ ИРОНИЯНЫҢ РОЛЕ (ҺӘЗИӘ ДӘҮЛӘТШИНАНЫҢ "ЫРҒЫЗ" РОМАНЫ МИҘАЛЫНДА).....	75
<i>Хәснәтдинова Р.Я., Закирова Г.М.</i> ҺӘЗИӘ ДӘҮЛӘТШИНАНЫҢ "ЫРҒЫЗ" РОМАНЫНДА КАБАТЛАУЗАРЗЫҢ КУЛЛАНЫЛЫШЫ.....	78
<i>Әмирлан С.Е.</i> БУХАРА ҚАРАҚАЛПАҚЛАРЫ ТИЛИНДЕГИ АҢ-ҚУС АТАМАЛАРЫ.....	82
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ КАК ПРИОРИТЕТНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНОГО ЗНАНИЯ	
<i>Абиханова Г.Д.</i> СЮЖЕТЫ КАЗАХСКОГО ЭПОСА В КИТАЕ.....	86
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОЙ ТЮРКСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	
<i>Амонов Ш.Н.</i> О «НАЦИОНАЛЬНЫХ СТИХАХ» ХАМЗЫ И ЕГО ИЗДАНИИ.....	92
<i>Валиева Г.Д., Гумеров З.И.</i> ФОЛЬКЛОРНЫЕ ТРАДИЦИИ В М. КАРИМА.....	96
<i>Санъяров Ф.Б.</i> РАУИЛ БИКБАЕВ: ХУДОЖЕСТВОЛЫ ФЕКЕРЛӘУ ҮЗЕНСӘЛЕКТӘРЕ.....	98
ВОПРОСЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИИ	
<i>Зайнетдинов А.Ш.</i> О ПРОБЛЕМАХ ФОРМИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ В ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ СРЕДЕ.....	103
<i>Санъярова Р.Р.</i> РАЗНОУРОВНЕВОЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА.....	105
<i>Султанбаева Х.В., Гимашева Г.М.</i> КОНЦЕПТ "ҒАЙЛӘ" ("СЕМЬЯ") КАК ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ СОВРЕМЕННОГО БАШКИРСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ.....	110
ФОЛЬКЛОР ТЮРКСКИХ НАРОДОВ	
<i>Даутова Г.Р.</i> ФУНКЦИЯ КОНЯ ЭПИЧЕСКОГО ГЕРОЯ.....	113
<i>Идельбаев М.Х.</i> «ДЖУМЖУМА СУЛТАН» ХУСАМА КАТИБА – УНИКАЛЬНЫЙ ПАМЯТНИК СРЕДНЕВЕКОВОЙ ОБЩЕТЮРКСКОЙ СЛОВЕСНОСТИ.....	118
<i>Каскынова Г.Н.</i> ЫРЫМБУР БАШКОРТТАРЫНЫҢ ЙЫР-МОҢДАРЫ.....	122
СРАВНИТЕЛЬНОЕ И СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ	
<i>Алмадакова Н.Д., Алмадаков Э.А.</i> ТЕРМИНЫ РОДСТВА ПО ЛИНИИ МАТЕРИ В УЛАГАНСКОМ ДИАЛЕКТЕ ТЕЛЕНГИТСКОГО ЯЗЫКА (В СОПОСТАВИТЕЛЬНОМ АСПЕКТЕ).....	125
<i>Бурцева Е.М.</i> АКУСТИЧЕСКИЕ КАЧЕСТВА ГЛАСНЫХ ЗВУКОВ В ДВУСЛОЖНЫХ СЛОВАХ ЯКУТСКОГО И ТУВИНСКОГО ЯЗЫКОВ.....	129
<i>Джабиева А.Ф.</i> СРАВНИТЕЛЬНОЕ И СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ.....	134
<i>Дуйшембиева А.О. Алиева С.А.</i> СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ (НА ПРИМЕРЕ КЫРГЫЗСКОГО И БАШКИРСКОГО ЯЗЫКОВ).....	136
<i>Кушкарлова Г.К.</i> ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ТРАДИЦИЙ НА ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ РЕЧЕВОГО АКТА НЕСОГЛАСИЯ (на материале разноструктурных языков).....	139
<i>Медведева М.А., Шалык Ч.С.</i> СТРУКТУРА ТЕРМИНОВ РОДСТВА И СВОЙСТВА В ХАКАССКОМ И ТУВИНСКОМ ЯЗЫКАХ.....	143

СОВРЕМЕННАЯ ФИЛОЛОГИЯ В ИССЛЕДОВАНИЯХ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

<i>Абдиманап М.А., Абдиманұлы О.</i> С.ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТ БОЛМЫСЫ ЖӘНЕ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК КӨРІНІСІ.....	147
<i>Арысланова И.И.</i> НОҒМАН МУСИНДЫҢ «ҒУҢҒЫ СОЛОҚ» РОМАНЫНДА ЭКОЛОГИК ПРОБЛЕМА.....	151
<i>Ақжигитова А.О., Салкынбай А.Б.</i> АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҺӘМ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ.....	154
<i>Галеева А.М., Хуснетдинова Р.Я., Усманов Р.Ш.</i> “МЁД” КАК КОМПОНЕНТ ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ КАРТИНЫ МИРА.....	159
<i>Егорова Я.А.</i> СЕМАНТИЗОВАННЫЕ МОДИФИКАЦИИ ГЛАСНЫХ ЯКУТСКОГО ЯЗЫКА В ОБРАЩЕНИЯХ (НА МАТЕРИАЛЕ ЯКУТСКОЙ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ)...	161
<i>Канаатова Г.О.</i> О НЕКОТОРЫХ ГРУППОВЫХ ПРОЗВИЩАХ В КАРАКАЛПАКСКОМ ЯЗЫКЕ.....	165
<i>Кызрасова Л.Д., Карабаев М.И.</i> АФФИКСЛАШЫУ ҺҮЗЬЯҒАЛЫШ ЮЛЫ ҺӘМ УНЫҢ “БАШКОРТ ТЕЛЕНЕҢ ҺҮЗЬЯҒАЛЫШ ҺҮЗЛЕГЕ”НДӘ БИРЕЛЕШЕ.....	169
<i>Мустафина А.И., Абдуллина Г.Р.</i> БАШКОРТ ТЕЛЕНДӘ ЭЙӘЛЕК КАТЕГОРИЯҒЫ (Н. МУСИНДЫҢ “ҒАЙЛАП АЛЫНҒАН ЯЗМЫШ” ӘСӘРЕ МИСАЛЫНДА).....	173
<i>Мәксүтова Г.Н., Карабаев М.И.</i> НИГЕЗЗӘР КУШЫЛЫУ ЮЛЫ МЕНӘН ҺҮЗЬЯҒАЛЫШ ҺӘМ УНЫҢ “БАШКОРТ ТЕЛЕНЕҢ ҺҮЗЬЯҒАЛЫШ ҺҮЗЛЕГЕ”НДӘ БИРЕЛЕШЕ.....	178
<i>Рамазанова Ә.С., Хәснәтдинова Р.Я.</i> БАШКОРТ ТЕЛЕНДӘ ТОЙҒО ҺӨЙЛӘМДӘРЗЕҢ ФУНКЦИОНАЛЬ-СЕМАНТИК ҮЗЕНСӘЛЕКТӘРЕ.....	182
<i>Сөләймәнова З.Ш., Хәснәтдинова Р.Я.</i> ЭСКЕ ТЕЛМӘРЗЕҢ СТРУКТУР-СЕМАНТИК ҮЗЕНСӘЛЕКТӘРЕ.....	184
<i>Усманова Н.Ф., Санъярова Р.Р.</i> БАШКОРТ ҺӘМ ИНГЛИЗ ТЕЛДӨРЕНДӘ ҺЫУ ЛАНДШАФТЫ ЛЕКСИКАҒЫ.....	187
<i>Усманова Н.Ф., Сәғитова А. Ф.</i> БАШКОРТ ҺӘМ ҚАЗАҚ ТЕЛДӨРЕНДӘ “БАШ/БАС” КОНЦЕПТЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯҒЫ ҺӘМ МӘҒӘНӘҒЕ.....	190
ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННЫХ ТРЕБОВАНИЙ	
<i>Адилъбек А.М.</i> АСПЕКТЫ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА КАК ВТОРОГО.....	193
<i>Аккужина Ф.А.</i> ОБУЧЕНИЕ АННОТИРОВАНИЮ.....	197
<i>Байболат Л.Б.</i> «ҚОҒАМДЫҚ БАЙЛАНЫС» ЖӘНЕ «ЖУРНАЛИСТИКА» МАМАНДЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН «КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	201
<i>Гатина А.М.</i> БАШКОРТ ТЕЛЕ ДӘРЕСТӘРЕНДӘ УҚЫУСЫЛАРЗЫҢ ТЕЛМӘР КОМПЕТЕНЦИЯҒЫН КҮТӘРЕУ МАКСАТЫНДА ИННОВАЦИОН АЛЫМДАР КУЛЛАНЫУ.....	204
<i>Гатина С.С.</i> ВЕБ-КВЕСТ – БАШКОРТ ТЕЛЕ ДӘРЕСТӘРЕНДӘ УҚЫУСЫЛАРЗЫҢ УҚЫУ ЭШМӘКӘРЛЕГЕН АКТИВЛАШТЫРЫУ ЫСУЛЫ.....	207
<i>Карагозуева Г.Ж.</i> ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ВОСПИТАНИЯ.....	212
<i>Макрушина С.А.</i> ОРГАНИЗАЦИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ С УЧАЩИМИСЯ.....	215
<i>Маскова Г.Р.</i> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ	

БАШКИРСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	220
<i>Мукажанова Л.Г.</i> ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННЫХ ТРЕБОВАНИЙ.....	223
<i>Өтелбай Г.Т., Найманбай А.Р., Байболат Л.Б.</i> ШЕТЕЛДІК БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	227

НАМЦ "ФИЛОЛОГ"

НАУЧНОЕ ИЗДАНИЕ

**ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА:
ИСТОРИЯ, СОВРЕМЕННОСТЬ,
ПЕРСПЕКТИВЫ**

**Материалы Международной научно-практической
конференции, посвященной 80-летию со дня рождения
известного башкирского лингвиста
Карима Гайсеевича Ишбаева**

**Республика Башкортостан, г. Уфа
27 ноября 2017 года**

Под общей редакцией
доктора филологических наук, профессора
Г.Р. Абдуллиной
(Башкирский государственный университет)

Башкирский государственный университет
Республика Башкортостан
г. Уфа, ул. Заки Валиди, 32